



№ \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023ж.

Ақтөбе қ.Сәңкібай батыр даңғылы 74-С  
тел: 8 (71 32) 90-93-31  
эл.почта: [phys-math.edu@mail.ru](mailto:phys-math.edu@mail.ru)

### Бұйрық № 23

Ақтөбе қаласы

02.05.2023ж

Ақтөбе облысының білім басқармасының  
«Ақтөбе облыстық мамандандырылған  
физика-математикалық лицей-интернаты»  
КММ-нің білім беру қызметін  
өзін-өзі бағалауын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 05.12.2022 жылғы №486 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» № 634 бұйрығына сәйкес

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылғы 03-30 мамыр аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы өткізілсін.
2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.
4. Лицей-интернаттың өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2023 жылдың 31 мамырындағы педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.
5. Мектеп-интернаттың білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар интернет-ресурсқа уақытылы орналастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Лицей-интернат директоры



К.Е.Тлеумагамбетова